

Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасы сақталуының тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1022 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 801 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 19 ақпандағы № 66 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 24 ақпандағы № 11 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 27 ақпанда № 20070 болып тіркелді

2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабы 3-тармағының үшінші бөлігіне, 143-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасы сақталуының тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1022 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 801 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12656 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 17 ақпанда жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасы сақталуының тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдердің жоғары деңгейіне адамның өмірі мен денсаулығына, жеке тұлғалардың заңды мүдделеріне қауіп төндіру мүмкіндігі жоғары мынадай:

тау-кен өнеркәсібі және карьерлерді қазу;

электрмен қамтамасыз ету, газ, бу жіберу және ауаны баптау;

өңдеу өнеркәсібі;

құрылыс;

тасымалдау және сақтау;

сүмен жабдықтау, кәріз жүйесі, қалдықтарды жинау және бөлуді бақылау;

ақпарат және байланыс;

ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы сияқты экономикалық қызмет түрінде қызметін жүзеге асыратын бақылау субъектілері жатқызылады.

Сонымен қатар, объективті өлшемшарттар бойынша Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Шетелдік жұмыс күші" автоматтандырылған ақпараттың жүйесінің есептілік деректеріне сәйкес 30-дан астам шетелдік жұмыс күшін тартатын бақылау субъектілері тәуекелдердің жоғары деңгейіне жатады.

Көрсетілген экономикалық қызмет түрлерінде қызметтерін жүзеге асыратын бақылау субъектілеріне қатысты профилактикалық бақылау жүргізудің кезеңділігі:

жұмыскерлердің саны 250 адамнан асатын бақылау субъектілерін профилактикалық бақылау – жылына бір рет;

жұмыскерлердің саны 100-ден астам, бірақ 250-ден көп емес жұмыскерлері бар бақылау субъектілерін профилактикалық бақылау – 3 жылда бір рет;

жұмыскерлердің саны 100 адамнан аспайтын бақылау субъектілерін профилактикалық бақылау – 5 жылда бір рет.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу жылының алдындағы жыл көрсетілген өлшемшарттарды айқындау үшін есептік кезең болып табылады.";

көрсетілген Өлшемшарттарға қосымшада:

"Алдыңғы тексерулердің және субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптарды сақтамаған жағдайда белгіленеді)" бөлімінде:

реттік нөмірі 2-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

2	Жұмыскерлерге жыл сайынғы ақы төленетін негізгі еңбек демалысын: жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысын; оқу демалысын; жүктілікке және баланың (балалардың) тууына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты демалыс; бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс беру	Өрескел
---	---	---------

";

реттік нөмірі 19-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

19	Еңбекке ақы төлеу және еңбек жағдайына қатысты еңбек саласындағы кемсітушілік	Өрескел
----	---	---------

реттік нөмірі 20-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

20	Жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі келісу комиссиясын құру туралы жұмыс берушінің актісінің болуы, сондай-ақ келісу комиссиясының жеке еңбек дауын белгіленген мерзімдерде қарауы	Елеулі
----	--	--------

";

реттік нөмірі 24-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

24	Жұмыс берушінің шетелдік жұмыс күшін жергілікті атқарушы органның рұқсатынсыз тартуы немесе халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган берген өз бетінше жұмысқа орналасу үшін біліктілік сәйкестігі туралы анықтамалары немесе еңбекші көшіп келушіге ішкі істер органдары беретін рұқсаттары жоқ шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың еңбегін пайдалануы, сонымен қатар жұмыс берушінің шетелдік жұмыскерді жергілікті атқарушы органның шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатында көрсетілген лауазымға (кәсіпке немесе мамандыққа) сәйкес келмейтін лауазымға (кәсіпке немесе мамандыққа) тартуы	Өрескел
----	--	---------

”;

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген Өнім шығарумен және жасаумен, пайдалы қазбаларды игерумен, өндірумен және қайта өңдеумен, құрылыспен және өндірістік қызметтің басқа да түрлерімен айналысатын ұйымдарға қатысты Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуын тексеру парағында:

реттік нөмірі 2-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

2	Жұмыскерлерге жыл сайынғы ақы төленетін негізгі еңбек демалысын: жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысын; оқу демалысын; жүктілікке және баланың (балалардың) тууына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты демалыс; бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс беру	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
---	---	---------------	-----------------	--------------------------	----------------------------

”;

реттік нөмірі 20-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

20	Жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі келісу комиссиясын құру туралы жұмыс берушінің актісінің болуы, сондай-ақ келісу комиссиясының жеке еңбек дауын белгіленген мерзімдерде қарауы	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
----	--	---------------	-----------------	--------------------------	----------------------------

”;

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген Өндірістік емес саладағы (денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, әлеуметтік қамсыздандыру, сауда, тұру және тамақтану бойынша қызметтер) ұйымдарға қатысты Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақтауын тексеру парағында:

реттік нөмірі 2-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

2	Жұмыскерлерге жыл сайынғы ақы төленетін негізгі еңбек демалысын: жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысын; оқу демалысын; жүктілікке және баланың (балалардың) тууына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты демалыс; бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс беру	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
---	---	---------------	-----------------	--------------------------	----------------------------

”;

реттік нөмірі 20-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

--	--	--	--	--	--

20	Жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі келісу комиссиясын құру туралы жұмыс берушінің актісінің болуы, сондай-ақ келісу комиссиясының жеке еңбек дауын белгіленген мерзімдерде қарауы	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
----	--	---------------	-----------------	--------------------------	----------------------------

”;

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген Жұмыскерлері еңбек қызметін кеңсе үй-жайларында жүзеге асыратын өндірістік емес саладағы ұйымдарға қатысты Қазақстан Республикасын еңбек заңнамасының сақталуын тексеру парағында:

реттік нөмірі 2-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

2	Жұмыскерлерге жыл сайынғы ақы төленетін негізгі еңбек демалысын: жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысын; оқу демалысын; жүктілікке және баланың (балалардың) тууына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты демалыс; бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс беру	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
---	---	---------------	-----------------	--------------------------	----------------------------

”;

реттік нөмірі 18-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

18	Жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі келісу комиссиясын құру туралы жұмыс берушінің актісінің болуы, сондай-ақ келісу комиссиясының жеке еңбек дауын белгіленген мерзімдерде қарауы	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
----	--	---------------	-----------------	--------------------------	----------------------------

”.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті заңнамада белгіленген мерзімде:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі А.Ә. Сарбасовқа жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

Р. Даленов

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі

Б. Нурымбетов

КЕЛІСІЛГЕН

Қазақстан Республикасы

Бас прокуратурасының

Құқықтық статистика және

арнайы есепке алу жөніндегі

комитеті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК